

«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ
ОРТОПЕДИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАЛАЛАР
СТОМАТОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ
ТІС ПРОТЕЗДЕРІН ДАЙЫНДАУ
ТЕХНОЛОГИЯСЫ ПӘНІ


18-дәріс

Адгезивті және алмалы көпіртәрізді
протездермен протездеу

Мақсаты

1. Адгезивті және алмалы көпіртәрізді протездер туралы жалпы мәлімет беру.
2. Адгезивті көпіртәрізді протездерді жасау техникасымен таныстыру.
3. Алмалы-салмалы көпіртәрізді протездерді жасау техникасымен таныстыру.

Көпіртәрізді протездер



Адгезивті көпіртәрізді протездер

1973 жылы – Rotchelt тістерді шендеу үшін құйма тесігі бар бастырманы тістің тіл беткейіне эмалға бекіту әдісін ұсынды.


1977 жылы - Howe және Denehy жұлынған тістердің орнын толтыру үшін тістің эмальіне композитті материалмен бекітілетін металдан құйылып жасалатын көпіртәрізді протез жасады. (Щербаков А.С., 1988).

1980 жылы - Gerald Barrack тіс қатарында бір немесе қатар тұрған екі тіс жоқ болғанда адгезивті көпіртәрізді протездерді жасау әдісін ұсынды

Адгезивті көпіртәрізді протездер

- Екі тірек табаншасы тістердің таңдай немесе тіл бетіне орналасып, құрамындағы жасанды тіс арқылы тіс қатарындағы ақауды, тіс қатарының шайнау қызметін қалпына келтіретін, пластмассамен немесе керамикамен қапталған эстетикалық талаптарға сай тіс протезі.

Адгезивті көпіртәрізді протездер



Тіс қатарының ақауын адгезивті көпіртәрізді протездермен қалпына келтіру:

а — протездеуге дейінгі ақау;

б — дайын протез;


в — протездің мүсіндегі көрінісі

д - протездің ауыз қуысындағы


көрінісі



д)



1.2 тістің жоқтығынан пайда болған шектелген ақау




- **Адгезивті протездің басты ерекшелігі оның тірек бөлімі:**
- -тірек тістің тілдік бетінде металды бекітуші жапсырмасының болуы;
- -жапсырма тістің тілдік бетінен тіс аралық жанасу және окклюзиялық беттеріне дейін жетіп, қызылиекке 0,5-1мм жетпей орналасады;
- -жапсырма тірек тістер арасындағы шайнау қысымын тең бөледі және бекіткіш материалға түсетін қысымды қосымша окклюзиялық бастырма арқылы азайтады.

Адгезивті көпіртәрізді протездерді дайындаудың клиникалық-лабораториялық кезеңдері

- **1 клиникалық кезең:** Пациенттің ауыз қуысын қарап тексеру, диагноз қою (алдын ала, нақты), өзара келісім шарт жасау, конструкцияны таңдау, емдеу жоспарын құру, жансыздандыру, тірек тістерді егеу; Қалып алу;


Адгезивті көпіртәрізді протездің тірек элементтерінің бекітілетін орны көрсетілген тірек тістер



1 лабораториялық кезең:

- құрамалы модель құю, модельді окклюдаторға гипстеу, протездің тірек жапсырмалары мен денесін балауыздан мүсіндеу, металға ауыстыру. Протездің құйылған металл каркасы лабораторияда модельге шақтап-кигізіп тексеріледі. Тірек элементтерінің тістерге жанасу дәлдігіне назар аудару қажет.

Адгезивті көпірталізді протез құрылымы



- 2 клиникалық кезең:
- Протездің металл каркасы ауыз қуысындағы тірек тістерге шақтап-кигізіп тексеріледі. Тірек элементтері тірек тістерге тығыз орнығуы керек. Кейін каркасты пластмассамен немесе фарформен қаптау үшін лабораторияға жібереді.

2 лабораториялық кезең:

- Каркасты **пластмассамен** қаптау үшін, каркастың сыртына тіс бейнесі балауызбен мүсінделеді, модельде тексеріледі, полимеризация жүргізіледі, өңдейді, жылтыратады, модельге отырғызып тексергеннен кейін клиникаға жібереді.
- Каркасты **фарформен** қаптау үшін, каркасқа фарфор массасын жағып вакуум пеште күйдіреді, модельге отырғызып тексергеннен кейін, клиникаға жібереді.

Жапсырмадан және аралық бөлігінен тұратын адгезивті протез



3 клиникалық кезең:


- Дайын протез ауыз қуысында қайтара тексеріліп, қажет болса түзетіп, содан кейін жылтыратып-өңдеп, композициялық материал көмегімен тірек тістерге бекітіледі.

Тірек тіске бекітілген адгезивті протез



Көпіртәрізді протездердің бекітілу әдісі бойынша жіктелуі



- Алынбайтын көпіртәрізді протездер;
- Алмалы-салмалы көпіртәрізді протездер;




Алмалы-салмалы көпіртәрізді протездер - алынбайтын көпіртәрізді протездерді қолдалануға болмайтын жағдайда жасалынады. Бұл протездерде бекіту элементі ретінде әртүрлі құрылымды кламмерлер жүйесін немесе құлыпты (аттачмендер) бекітулерін қолданады. Құлыптың бір бөлігі тіске, ал екінші бөлігі— протездің денесіне бекітіледі.

Құлыптық бекітпелер негізгі екі бөліктен тұрады - матрицадан (ішкі) және матрицадан (сыртқы). Протездің тірек элементтері тірек тістер мен протез денесіне бекітіліп алмалы-салмалы механикалық конструкцияны құрайды. Ағылшын тілінде, attachment — бекітілетін, қосатын деген мағына береді. Аттачмендер құлыпты және шарнирлі деп бөлінеді.




Алмалы-салмалы көпіртәрізді протездерді кламмермен бекіту



Алмалы-салмалы көпіртәрізді протездерді аттачменмен бекіту әдісі




Бұранданың (винттің) көмегімен жоғарғы сүйір тіс түбіріндегі қаппаға бекітілетін, кіші азу тіске құйылып жасалған сауыты бар алмалы-салмалы көпіртәрізді протез.



АҚП (СМП) дайындау реттілігі

- 1) тірек тістерге салма, жартылай сауыт немесе толық сауыт жасайды
- 2) балауыз білікпен тіс қатарының орталық ара қатынасын анықтайды, содан соң тіске отырғызылған протездің құрамдарымен бірге қалып алынады.



3) салманы, жартылай сауытты немесе толық сауытты қалыпқа орналастырады, мүсін құяды, кейін артикуляторға ғанышпен бекітеді




4) құлыпты параллелометрдің көмегімен орналастырады

5) протездің денесі құрамына кіретін құлыптың бөлігін шығарып алады, қалған бөлігін салма, жартылай сауыт немесе толық сауытқа дәнекерлеп бекітеді;

6) дәнекерленген бөлігін мүсінге орналастырады, осылай құлыпты құрайды

7) жасанды тістер мен протездің денесін дайындайды

8) дайын протездің алынбайтын бөліктерін цементпен бекітер алдында ауызда тексеріп алу қажет.



Содан соң цементті
араластырады да тіске салады,
алынатын бөлігіне вазелин
жағылады, содан кейін протезді
орнына орналастырады, кейін
салма, жартылай сауыт немесе
толық сауыттың цементпен
дұрыс бекітілуін қадағалайды.

- Цемент қатқаннан кейін протезді абайлап шығарады, цементтің артық жерлерін алып тастайды, содан кейін науқасқа қалай қолдануын үйретеді.

▪ Әдебиеттер

1. Алтынбеков К.Д., Мирзабеков О.М., Нысанова Б.Ж. Тіс протездерін жасау технологиясы Алматы «Эверо» ЖШС баспасы
2. Рузуддинов С.Р. Ортопедиялық стоматология пропедевтикасы Алматы
3. Алимжанов С.Ж., Клинико-лабораторные этапы изготовления ортопедических конструкций Учебное пособие Астана 2013
4. Копейкин В.Н., Демнер Л.М. Зубопротезная техника. М., 1993. с. 197-209.
5. Ортопедическая стоматология под редакцией Е.Н.Жулева
6. Н.Г. Аболмасов, Н.Н. Аболмасов, В.А. Бычков, А.Аль-Хаким. «Ортопедическая стоматология», Москва, МЕДпресс-информ 2009.
7. Погодин И.М., Пономарева В.А. Руководство для зубных техников. М. Мед. 1994.
8. Копейкин В.Н. «Ошибки в ортопедической стоматологии», М., Мед., 1986.
9. Рузуддинов С.Р., Телебаева Г. Т. Логико-дидактические структуры в изучении ортопедической стоматологии Алматы, 1995.
10. И.К. Луцкая Руководство по стоматологии. Ростов на Дону 2002. с.553.
11. Фантомный курс по ортопедической стоматологии. А.П. Коновалов., Н.В. Курякина., Н.Е. Митин

Бақылау сұрақтары (кері байланыс)

1. Адгезивті және алмалы көпіртәрізді протез ұғымын түсіндіріңіз.
2. Адгезивті көпіртәрізді протездерді жасау техникасы.
3. Алмалы-салмалы көпіртәрізді протездерді жасау техникасы.